

**"Бақылау-касса машиналарын қолданудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 16 ақпандағы № 208 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 24 ақпандағы № 192 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 28 ақпанда № 20081 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 24 қазандағы № 626 бұйрығымен.

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 24.10.2025 № 626 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Бақылау-касса машиналарын қолданудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 16 ақпандағы № 208 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16508 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 13 наурызда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

1. "Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бақылау-касса машиналарын қолдану қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бақылау-касса машинасын тіркеу карточкасының нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес қолма-қол ақшаны есепке алу кітабының нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес тауар чегі кітабының нысаны;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес тауар чегінің нысаны;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес бақылау-касса машиналарының модельдерін мемлекеттік тізілімге (тізілімнен) енгізу (алып тастау) қағидалары;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарынан тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жүзеге асырылатын ақшалай есеп

айырысулар туралы мәліметтерді қабылдау, сақтау, сондай-ақ фискалдық деректер операторының оларды мемлекеттік кірістер органдарына беру қағидалары;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес фискалдық деректер операторының деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналары туралы мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдарына беру қағидалары бекітілсін.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бақылау-касса машиналарын қолдану қағидаларында:

6 және 8-тармақтар алып тасталсын;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Салық төлеуші бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасында көрсетілген өзгерістер туындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Салық кодексінің 168-бабында белгіленген тәртіппен әрекеттерді жүзеге асырады.";

12-тармақ алып тасталсын;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Салық төлеушінің жауапты тұлғасы бақылау-касса машинасын пайдаланған кезде:

1) бақылау-касса машинасын пайдалану бойынша нұсқауға сәйкес ақшалай есеп айырысу туралы ақпараттың енгізуін жүзеге асырады;

2) электр энергиясы болмаған немесе бақылау-касса машинасында ақаулар болған жағдайда тауар чегін толтырады және береді;

3) фискалдық деректердің операторы ұсынатын телекоммуникациялар желісі уақытша болмаған жағдайда, деректерді тіркеу және беру функциясы бар бақылау-касса машинасының автономды жұмыс режимін пайдаланады;

4) деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машинаны қолдану жағдайын қоспағанда, қолма-қол ақшаны есепке алу кітабын толтырады;

5) ауысым аяқталған кезде бақылау-касса машинасының моделін дайындаушының техникалық талаптарына сәйкес ауысымдық есепті алу (Z-есеп) жолымен "ауысым соңы" рәсімін орындайды.

Ауысымдық есептерді, қолма-қол ақшаны есепке алу және тауар чегі кітаптарын, сондай-ақ олар бойынша жою және қайтару операциялары жүргізілген жою, қайтару чектері мен бақылау чектерін салық төлеуші оларды басып шығарған немесе толық толтырған күнінен бастап бес жыл бойы сақтайды

Бақылау-касса машиналары үшін ауысым кезеңі жиырма төрт сағаттан аспайды.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Бақылау-касса машинасының мемлекеттік кірістер органы пломбасының бүтіндігін бұзбай жою мүмкін емес техникалық ақауы болған жағдайда, салық төлеуші ақау пайда болған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде бақылау-касса машинасын есепке қою жүргізілген мемлекеттік кірістер органына:

1) бақылау-касса машинаның тіркеу карточкасының нөмірін, берілген күнін және ақау болған күннің басындағы есептегіштің жиынтық көрсеткіштерін көрсете отырып, осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес бақылау-касса машинасын пайдалану кезінде туындайтын міндеттемелердің орындалуы туралы салықтық өтінішті;

2) жөндеу жүргізу мерзімдері мен ақау себептерін негіздеп көрсете отырып, техникалық қызмет көрсету орталығының қорытындысын береді.

Мемлекеттік кірістер органы осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген құжаттар мәліметтерін бермеген немесе толық құрамда бермеген жағдайларда пломбаның бүтіндігін бұзуға мемлекеттік кірістер органының рұқсатын алуға құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Мемлекеттік кірістер органы салықтық өтінішті қабылдаған күні ақауды жою үшін бақылау-касса машинасы пломбасының бүтіндігін бұзуға рұқсат беру немесе беруден бас тарту туралы шешімді осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қабылдайды.

Бақылау-касса машинасы пломбасының бүтіндігін бұзуға мемлекеттік кірістер органының рұқсатын мемлекеттік кірістер органының пломба орнатуға жауапты лауазымды адамы оны беру туралы шешім қабылдаған күні, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша береді.

Техникалық ақау жойылғаннан кейін фискалдық жады блогы бар бақылау-касса машинасын пломба орнату үшін мемлекеттік кірістер органына табыс ету мерзімі техникалық қызмет көрсету орталығының қорытындысында көрсетілген жөндеу жүргізу мерзімінен кем болмауға, бірақ пломбаның бүтіндігін бұзуға мемлекеттік кірістер органы рұқсат берген күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Бақылау-касса машинасы мына жағдайларда, егер:

1) басып шығармаса, анық баспаса немесе бақылау-касса машинасының чегін электрондық түрде беру жағдайларын қоспағанда, Салық кодексінің 166-бабында айқындалған бақылау чегіндегі деректемелер толық басылмаса;

2) фискалдық жадынан не фискалдық деректер жинақтауышынан деректерді алуға мүмкіндік болмаса;

3) фискалдық жады блогы бар бақылау-касса машинасында мемлекеттік кірістер органының пломбасы болмаса немесе бүлінсе;

4) дайындаушы зауыттың таңбасы болмаса;

5) фискалдық деректердің операторы ұсынатын жарамды байланыс болған кезде деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машинасынан деректерді беру мүмкіндігі болмаса, техникалық ақаулы деп есептеледі.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Салық төлеуші қолма-қол ақшаны есепке алу кітабын және (немесе) тауар чектерінің кітабын толық толтырған жағдайда, не олар жоғалған (бүлінген) жағдайда оларды ауыстыру (қалпына келтіру) үшін бес жұмыс күні ішінде бақылау-касса машинасын есепке қойған жері бойынша мемлекеттік кірістер органына:

1) осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес бақылау-касса машинасын пайдалану кезінде туындайтын міндеттемелердің орындалуы туралы салықтық өтінішті;

2) нөмірленген, тігілген, салық төлеушінің қолымен және (немесе) мөрімен расталған жаңа қолма-қол ақшаны есепке алу кітабын және (немесе) тауар чектерінің кітабын;

3) бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасын;

4) бақылау-касса машинасын береді.

Қолма-қол ақшаны есепке алу кітабы толық толтырылған немесе жоғалған (бүлінген) жағдайда фискалдық есепті шығару үшін қосымша бақылау-касса машинасы беріледі.";

осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес 1-1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасының нысаны осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бақылау-касса машиналарының модельдерін мемлекеттік тізілімге (тізілімнен) енгізу (алып тастау) қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Бақылау-касса машинасының моделін мемлекеттік тізілімге енгізу туралы мәселелерді қарау осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мүдделі тұлғаның бақылау-касса машинасының моделін мемлекеттік тізілімге енгізу туралы салықтық өтініші (бұдан әрі – Салықтық өтініш) негізінде жүзеге асырылады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Бақылау-касса машинасының моделін мемлекеттік тізілімге енгізу бір мезгілде мынадай шарттар:

1) Салықтық өтініш пен осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген материалдардың болуы;

2) бақылау-касса машинасы моделінің осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес техникалық талаптарға сәйкестігі сақталған кезде жүзеге асырылады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бақылау-касса машинасы моделін мемлекеттік тізілімге енгізу (енгізуден бас тарту) туралы шешімді уәкілетті орган Салықтық өтінішті қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізілімі уәкілетті органның сайтында орналастырылады.

Бақылау-касса машинасы моделін мемлекеттік тізілімге енгізуден бас тартқан жағдайда уәкілетті орган бас тарту себептерін көрсете отырып, өтініш берушіні жазбаша түрде хабардар етеді.

Уәкілетті орган осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген шарттардың бірі сақталмаған жағдайда бас тарту туралы шешім қабылдайды.";

осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес 1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген Қағидаларға қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарынан тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді қабылдау, сақтау, сондай-ақ фискалдық деректер операторының оларды мемлекеттік кірістер органдарына беру қағидаларында:

4-тарау алып тасталсын;

осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес 8-қосымшамен толықтырылсын;

8-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2018 жылғы "16" ақпандағы  
№ 208 бұйрығына  
9-қосымша"

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2)

тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
Бірінші Орынбасары-  
Қаржы министрі*

*А. Смаилов*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
Бірінші Орынбасары -  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2020 жылғы 24 ақпандағы  
№ 192 бұйрығына  
1-қосымша

Бақылау-касса машиналарын  
қолдану қағидаларына  
1-1-қосымша  
нысан

**БАҚЫЛАУ-КАССА МАШИНАСЫН ПАЙДАЛАНУ  
КЕЗІНДЕ ТУЫНДАЙТЫН МІНДЕТТЕМELEPДІҢ  
ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ САЛЫҚТЫҚ ӘТІНШІ**

НАҒАР АУДАРЫҢЫЗДЫ ҚАРАҒА КӨК ҚИЯҢЫ ҚИЯМҒЫН НЕГЕСЕ ҚАЛАМҒЫҢЫЗ, БАСПАХАНАЛЫҚ, БАС ӨРІПТЕРМЕН ҚОЛҒАҒЫЗ.

**Бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат**

1) Салық төлеушінің келірі (ЖСН/БСН)

2) Салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болмаса ж. ж. дайда)

Тегі

Аты

Әкесінің аты

3) Дара кәсіпкердің, нақты ұйымның, фирманың, өкілеттінің атауы

**Бөлім. Салықтың әтімі**

4) Бақылау-касса машинасы:

**A** атауы

**B** қауыптық келірі

**C** тіркеу нөмірі

**D** берілген күні

5) Әкімші беру себебі (шарт көрсетсе  көрсетілді):

**A** Мемлекеттік қарастар ұйымның қолма-қолмен бұйымның бұйым жою күшімен емес бақылау-касса машинасының техникалық ақауы

Егер 5-тармақта "А" ұшымағы белгіленсе, көрсетіңіз:

ақау айқалымағы

салтан алу айқалымағы

техникалық ақаумен көрсету орталығының қаржышысы бойынша жеңдеу жүргізу мерзімдері

**B** қолма-қол ақшаларды өсіміне алу кітабының қолма, қолшырауы  тауар тектері кітабының

немесе жоғалуы (бұлынуы)

**Бөлім. Салық төлеушінің мәлісімі**

Біз (біз) осы салықтық әтіміне ие әбірінде көрсетілген мемлекеттік әкімші алу үшін әкімші дербес дерестерді кітапқа және әкімшіге қолма береміз (береміз).

**Бөлім. Салық төлеушінің жауапкершілігі**

Біз (біз) осы салықтық әтіміне қолма берген мәлісіміздің ідрәкіміне ие қолма, қолшырау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасы, әкімшілік және жауапкершілікте болмамыз (болмамыз).

*(Шартты сыйыммен шыармаңыз)*

(Салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің атымен бірге ж. ж. дайда)

Салықтық әкімшілік берілген күні

(Салықтың күні, аты, жаны)

**Бөлім. Мемлекеттік ұйымның белгісі**

*(Шартты сыйыммен шыармаңыз)*

(Мемлекеттік ұйымның қолма қолмен ақпаратты, аты, әкесінің атымен бірге ж. ж. дайда)

Салықтық әкімшілік қарылдаған күні

(Салықтың күні, аты, жаны)

Мемлекеттік қарастар ұйымның коды

**Ш.О.**

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
Бірінші Орынбасары -  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2020 жылғы 24 ақпандағы  
№ 192 бұйрығына  
2-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2018 жылғы "16" ақпандағы  
№ 208 бұйрығына  
2-қосымша  
нысан

Деректерді беру функциясы жоқ бақылау-касса машинасының  
№ \_\_\_\_\_  
тіркеу карточкасы

Зауыттық нөмірі \_\_\_\_\_ Шыққан жылы \_\_\_\_\_

салық төлеушіге тиесілі

ЖСН (БСН) □□□□□□□□□□

\_\_\_\_\_ мекен-жайы бойынша орналасқан

Лауазымды тұлға

\_\_\_\_\_ мемлекеттік кірістер (қолы) \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))  
органының атауы

Бақылау-касса машинасын  
мемлекеттік кірістер органында  
тіркеу есебіне қойылған күні:  
20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
мөртаңба орны

**ТІРКЕУ КАРТОЧКАСЫН ЖАБУ ТУРАЛЫ БЕЛГІ**

Фискалды есеп алынған кезең: 20\_\_ жылдан «\_\_» \_\_\_\_\_ бастап  
20\_\_ жылға «\_\_» \_\_\_\_\_ дейін

Есептеуіштің қорытынды көрсеткіштері:

сату айналымы □ □ □ □ □ □ □ □ □ □ □ □ □ □ □ □

сатып алу айналымы □ □ □ □ □ □ □ □ □ □ □ □ □ □ □ □

Лауазымды тұлға

\_\_\_\_\_ мемлекеттік кірістер (қолы) \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))  
органының атауы

Бақылау-касса машинасын  
Мемлекеттік кірістер органында  
есептен шығарған күні: ||  
20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
мөртаңба орны

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің Бірінші  
Орынбасары -  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2020 жылғы 24 ақпандағы  
№ 192 бұйрығына  
3-қосымша  
Бақылау-касса машиналарының  
модельдерін мемлекеттік  
тізілімге(тізілімнен) енгізу  
(алып тастау) қағидаларына  
1-қосымша  
нысан



**техникалық талаптарға сәйкестілік нысаны**

**(бақылау-кассалық машиналар үлгілерінің атауы)**

№ р/с	Бақылау-кассалық машинаға (бұдан әрі – БКМ) техникалық талаптар	БКМ үлгісінің техникалық мінездемелері негізгі техникалық талаптарға сәйкестілігі жөніндегі мәліметтер	Ескерту
	Жалпы талаптар	Осы бағанды толтыру үшін құжаттың атауын, беттің нөмірін және талапты іске асыру сипатталған құжаттың нақты тармағын міндетті түрде көрсете отырып, дайындаушы зауыт құжаттамасының мәліметтері пайдаланылады.	
1-бөлім. Деректерді тіркеу және беру функциясы бар бақылау-кассалық машиналарға қойылатын талаптар			
1.	Бағдарламалық паролі (кемінде төрт разряд) немесе нөмірлік кілттері болуы тиіс. Бағдарламалық парольдермен кем дегенде БКМ жұмысының келесі режимдері қорғалуы тиіс:		
1.1	1) сатуды тіркеу режимі;		
1.2	2) бағдарламалау режимі;		
1.3	3) "Ауысымды жабу" режимі.		
2.	БКМ ауысым басында жұмысқа қосқан кезде, сондай-ақ ауысым соңында тәуліктік Z-есепті алған кезде автоматты тестілеу функционалы болуы тиіс. Функционал өзіне қамтуы тиіс:		
2.1	Негізгі блоктар мен тораптарды тестілеу.		
2.2	БКМ бағдарламалық қамтамасыз етуді тестілеу.		

2.3	<p>Жинақтауышта сақталған фискалдық деректердің тұтастығын тестілеу және бақылау:</p> <p>1) Соңғы ауысымда берілген барлық чектер туралы ақпаратты тексеру және соңғы Z-есептің бақылау сомасымен салыстыру;</p> <p>2) фискалдық деректер жинақтаушысындағы барлық жазбалардың жалпы бақылау сомасын барлық Z-есептердің бақылау жазбаларының сомасымен салыстыру.</p>		
2.4	<p>Фискалдық деректер операторының серверімен байланысты тестілеу (мәтіндік хабарлама жіберу және жауап алу арқылы).</p>		
3.	<p>Автоматты тестілеуден теріс өткен жағдайда БКМ бұғаттауды қамтамасыз ету:</p>		
3.1	<p>Негізгі блоктар мен тораптарды тестілеу кезінде.</p>		
3.2	<p>БКМ бағдарламалық қамтамасыз етуді тестілеу кезінде.</p>		
3.3	<p>Жинақтауышта сақталған фискалдық деректер тұтастығын тестілеу және бақылау кезінде</p>		
4.	<p>Transmission Control Protocol/Internet Protocol (TCP/IP) қосылу хаттамасын пайдалана отырып және фискалдық деректер операторының серверіне БКМ деректерді беру хаттамасына сәйкес vrn арнасы бойынша фискалдық деректер операторының телекоммуникациялық желісі бойынша фискалдық деректер</p>		

	операторының серверіне қосылу*		
5.	БКМ чегін ресімдеуді және чектің деректерін сатып алуды (сатуды) тіркеу кезінде бірыңғай жұмыс циклінде фискалдық деректер операторының серверіне беруді қамтамасыз ету.		
6.	Чек лентасы болмаған немесе үзілген, кассир операцияны дұрыс орындамаған жағдайда және БКМ жұмысында кассирдің БКМ чегін сатып алушыға беру мүмкін еместігіне әкелген басқа да проблемалар туындаған кезде операцияларды жүргізуді оқшаулауды қамтамасыз ету.		
6.1.	Тауарды таңбалау идентификаторын оқу үшін штрих код сканерін қосу мүмкіндігі болуы тиіс		
7.	БКМ автономды режимде БКМ жұмысы кезеңінде жинақталған БКМ чектері туралы ақпараттың ФДО серверіне беру сәтіне дейін сақталуын қамтамасыз ету. БКМ автономды жұмыс режимі байланыс арналарына қолжетімділік болмаған кезде және фискалдық деректер операторының серверіне ақшалай есеп айырысулар туралы ақпаратты жіберу сәтіне дейін әрекет етеді.		
	БКМ-да әрбір жазбаның бақылау сомасын және барлық жазбалардың жалпы бақылау сомасын қалыптастыру арқылы БКМ фискалдық деректер жинауышындағы		

8.	ақпараттың сақталуын тексеру режимі, олардың мерзімдік бақылау салыстыруын жүргізу (БKM қосу және Z-есепті алу кезінде) көзделуі тиіс .		
9.	Жұмыстың негізгі режимдерін бағдарламалауды (конфигурациялауды) қамтамасыз ету: 1) тіркеу режимі (сату, қайтаруларды тіркеу, салықтарды есептеу); есептерді X және Z режимі; 2) бағдарламалау режимі (қарау/БKM параметрлерін өзгерту, сыртқы құрылғылары бар БKM баптау); 3) қосымша режимдер (БKM ішкі сағаттарында уақытты орнату, БKM тестілеу режимі).		
10.	Пернетақтадағы белгілер және индикацияға шығарылатын ақпарат мемлекеттік және / немесе орыс тілдерінде болуы тиіс.		Осы талап фискалды регистратор болып табылатын БKM таратылмайды
11.	БKM ауысымды жабу және ауысымдық (тәуліктік) есепті (Z есеп) қалыптастыру рәсімін жүргізуді қамтамасыз етуі тиіс.		
12.	Ауысымдық (тәуліктік) есепті (Z есепті) қалыптастыру кезінде БKM осы Z есептің бақылау сомасы және барлық жазбалардың жалпы бақылау сомасы қалыптастырылуы және осы талаптардың 2.3-тармағына сәйкес фискалдык деректер жинауышында сақталған деректердің тұтастығын бақылау рәсімі іске қосылуы тиіс.		

13.	<p>БКМ ауысым ұзақтығын бақылауы тиіс.</p> <p>Ауысым ұзақтығын есептеудің басталу сәті ауысым үшін бірінші төлем құжатын ресімдеудің аяқталуы болып саналады.</p> <p>Ауысым ұзақтығы 24 сағаттан асқан жағдайда БКМ ауысымды жабу операциясын жүргізгенге дейін төлем құжаттарын ресімдеу мүмкіндігін оқшаулауы тиіс.</p>		
14.	<p>БКМ БКМ чегін қайтару рәсімін жүргізуді және фискалдық деректер операторының серверіне тиісті хабарламаны қалыптастыруды қамтамасыз етеді.</p>		
15.	<p>БКМ фискалдық деректер операторының серверінен Мемлекеттік кіріс органдары ұсынған касса бойынша операцияларды тоқтата тұру туралы талаппен хабарлама алған кезде жұмысты бұғаттауды қамтамасыз етеді.</p>		
16.	<p>БКМ фискалдық деректер операторының серверінен алынған хабарламаларды мемлекеттік кіріс органдары қалыптастырған хабарламалармен шығаруды қамтамасыз етеді. Хабарламалар БКМ экранына шығарылады немесе фискалдық деректер операторының серверінен алынған кезде чек таспасында басылады.</p>		
<b>Фискалдық деректер операторының серверімен жұмыс істеуге қойылатын талаптар</b>			
17.	<p>БКМ деректерді берудің кемінде екі тәуелсіз арналарын ұстап тұруы тиіс.</p>		

17.1	<p>2015 жылғы 1 шілдеге дейін БКМ мемлекеттік тізіліміне енгізілген БКМ жаңғыртудан кейін деректерді берудің бір немесе одан да көп тәуелсіз арналарын қолдайды.</p> <p>Жаңғырту - БКМ ескі моделін жаңа талаптар мен нормаларға, техникалық шарттарға сәйкес келтіру.</p>		
18.	<p>БКМ деректерді фискалдық деректер операторының серверіне берудің хаттамасында сипатталған тәртіпке сәйкес фискалдық деректер операторының серверінде БКМ авторизациялауды жүргізу.</p>		
19.	<p>БКМ деректерді беру хаттамасына сәйкес фискалдық деректер операторының серверіне жасалатын кассалық операциялар туралы деректерді беру.</p>		
20.	<p>Ауысымды жабудың жасалатын операциялары туралы деректерді беру және фискалдық деректер операторының серверіне БКМ деректерді беру хаттамасына сәйкес z-есептерді қалыптастыру.</p>		
21.	<p>Фискалдық деректер операторының серверінен фискалдық белгіні алу.</p>		
22.	<p>Фискалдық деректер операторының серверінен алынған фискалдық белгісі бар кассалық чекті басып шығару. Чектің мазмұнына қойылатын талаптар "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан</p>		

	Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі-Салық кодексі) 166-бабының 6-тармағында белгіленген.		
23.	Фискалдық деректер операторының серверіне деректерді қабылдау-беру уақыты (оператор чекті ресімдеу туралы ақпаратты енгізу рәсімдерін аяқтағаннан кейін чекті қалыптастыру уақыты) 7 секундтан аспауы тиіс.		
24.	Фискалдық деректер операторының серверімен қосылудың уақытша жоғалуы жағдайында чектерді қалыптастыру және чектерді басып шығаруды қамтамасыз ету (БКМ автономды жұмыс режиміне көшуі).		
25.	БКМ фискалдық деректер операторының серверіне кассаға қолма-қол ақшаны енгізу және кассадан қолма-қол ақшаны алу жөніндегі ақпаратты беруді қамтамасыз етеді		
	Сервермен байланысты уақытша жоғалту жағдайында жұмысқа қойылатын талаптар		
26.	БКМ автономды режимде фискалдық белгінің қалыптасуын қамтамасыз ететін фискалдық деректердің жинақтаушысы болуы тиіс, фискалдық деректер операторының серверіне кейіннен беру үшін жазу күнінен бастап кем дегенде 1 ай (720 сағат) ішінде қоректендіру көздерінен энергия тұтынусыз өзгеріссіз түрде фискалдық деректерді жазу, жүйелеу		

	, жинақтау, сақтау. Фискалдық деректер жинауышы БКМ фискалдық және жедел жадынан тұрады.		
27.	Фискалдық деректер операторының серверімен байланыс уақытша болмаған кезде немесе деректерді беру арнасында рұқсат етілген шамадан тыс кідірістер кезінде (фискалдық деректер операторының серверінен жауап алуға 5 секунд), сондай-ақ БКМ фискалдық деректер операторының серверімен байланыс үшін жеткілікті электр қорегі болмаған кезде фискалдық деректер операторының серверімен байланыс жасауға:		
27.1	1) БКМ автономды жұмыс режиміне өтеді		
27.2	2) оператор-кассирге фискалдық деректер операторының серверіне қол жетімділік жоқтығы және БКМ автономды режимге көшкені туралы хабарлайды;		
27.3	3) чекке жеке бірегей нөмір - автономды фискалдық белгі береді. Чектің жеке бірегей нөмірі БКМ пайдалану мерзімі ішінде бірегей болуы тиіс.		
27.4	4) чекте автономды фискалдық белгіні басып шығарады;		
27.5	5) басып шығарылатын чектерде құрылғының автономды режимде жұмыс істейтіні белгісі болуы тиіс: "Автономды" термині көрсетілген;		

27.6	6) БКМ автономды режимде 72 сағаттан артық жұмыс істеген кезде, кассир-операторды хабардар ете отырып (ең "ескі" автономды чек 72 сағаттан аспауы тиіс) блоктайды.		
27.7	7) БКМ автономды жұмыс режимінде Z-есептің мөрімен " Ауысымды жабу" рәсімін жүргізуді қамтамасыз етеді. БКМ ауысымды автономды кезекке жабуға сұраныс қосып, Z-есепті алу күні мен уақыты бар белгіні қоса отырып, байланысты қалпына келтіру кезінде оны серверге беруі тиіс. Фискалдық деректер операторының серверімен байланыс болмаған жағдайда, Z-есеп БКМ фискалдық деректер жинауышында сақталған жүргізілген ақша операциялары және берілген чектер туралы деректер негізінде БКМ-де жинақталуы тиіс.		
28.	Фискалдық деректер операторының серверімен байланысты қалпына келтіру кезінде БКМ келесі әрекеттерді орындауы тиіс:		
28.1	1) фискалдық деректер операторының серверіне автономды режимде жұмыс істеу ұзақтығы туралы ақпараты бар хабарламаны қалыптастыру және жіберу;		
	2) фискалдық деректер операторының серверіне БКМ барлық бақылау чектерін және БКМ автономды режимде жұмыс істеу кезінде		

28.2	жинақталған ауысым жабулары (Z-есептер) туралы белгілерді жіберу, олардың әрқайсысына БКМ деректерді фискалдық деректер операторының серверіне беру хаттамасына сәйкес фискалдық деректер операторының серверінен жауап алу*;		
28.3	3) әрбір хабарламада тиісті өрісте дербес жұмыс кезінде БКМ берілген бақылау чегінің автономды фискалдық белгісі ("Бақылау чегінің автономды фискалдық белгісі" өрісі) немесе деректерді БКМ-дан фискалдық деректер операторының серверіне беру хаттамасына сәйкес автономды режимде жұмыс істеу белгісі ( автономды режимде жұмыс белгі өрісі) болуы тиіс.		
<b>БКМ қалыптастыратын чектерге және өзге де құжаттарға қойылатын талаптар</b>			
29.	БКМ келесі құжаттардың басып шығарылуын қамтамасыз етуі тиіс:		
29.1	1) БКМ чегі;		
29.2	2) кассирлер бойынша есеп;		
29.3	3) секциялар бойынша есеп;		
29.4	4) өшірусіз есеп (X-есеп). Фискалдық деректер операторының серверімен байланыс болған жағдайда x-есеп серверден басып шығаруға беріледі, фискалдық деректер операторының серверімен байланыс болмаған жағдайда, есеп БКМ фискалдық деректер жинаушында сақталған есептеуіштердің деректері негізінде		

	БKM-ге генерацияланады ;		
29.5	<p>5) ауысымдық (тәуліктік) есеп (Z-есеп). Ауысымдық (тәуліктік) есеп БKM сұрау салуы бойынша фискалдық деректер операторының серверінде қалыптастырылады және БKM жеке құжатпен мөр үшін беріледі. Фискалдық деректер операторының серверімен байланыс болмаған жағдайда, Z - есеп БKM фискалдық деректер жинауышында сақталған жүргізілген ақша операциялары және берілген чектер туралы деректер негізінде БKM-де генерацияланады . Z-есептің құрылымы 11.3 .т. "Есептерді алу - Z-есеп, X-есеп" фискалдық деректер операторының серверіне БKM-нан деректерді беру хаттамасына сәйкес келтірілген*.</p>		
30.	БKM Салық кодексінің 166-бабы 6-тармағына сәйкес бақылау чегінде деректемелерді басып шығаруды, оның ішінде қазақ тілі әліпбиінің ерекше әріптерін пайдалана отырып, қазақ тілінде қамтамасыз етуі тиіс.		
30.1	уәкілетті органның интернет-ресурсында чектің түпнұсқалығын автоматтандырылған тексеру үшін чекте QR-кодты қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.		
	QR-кодта болуы тиіс: Осы чекке URL, ол келесіні қосады:		

30.2	<p>1) фискалды деректер операторы сайтынан немесе автономды режимде БКМ-мен қалыптастырылған фискалды белгі;</p> <p>2) мемлекеттік кірістер органдарындағы БКМ тіркеу нөмірі;</p> <p>3) БКМ чекті қалыптастыру күні мен уақыты;</p> <p>4) БКМ чегінің жалпы сомасы.</p>		
30.3	<p>QR-кодты қалыптастыру жол пішіні келесі маскаға сәйкес болуы қажет:</p> <p>Протокол://URL?i=Фискальный признак&amp;f=РНМ&amp;s=сумма тенге.тиын&amp;t=датаТвремя.</p>		
30.4	<p>Қалыптасатын QR-кодтың мөлшері мен сапасы ҚР СТ ISO IEC 18004-2017 стандартының 9 және 10-бөлімдеріне сәйкес белгіленеді және БКМ техникалық мүмкіндіктеріне байланысты болады.</p>		
Жұмыс режиміне және серверге фискалды деректерді беру тәртібіне қойылатын талаптар			
31.	<p>БКМ фискалды деректер серверіне қосу тәртібі БКМ нақты моделіне пайдалану құжаттамасында көрсетілуі тиіс.</p>		
32.	<p>БКМ жұмыс режимі ( деректерді фискалды деректер операторының серверіне беру режимі, сондай-ақ сервермен байланыс болмаған жағдайда автономды) БКМ жұмысын пайдалану құжаттамасына толық сәйкес қамтамасыз етуі тиіс.</p>		

33.	<p>БКМ ресімделген барлық құжаттардың (деректерді фискалдық деректер операторының серверіне беру режимінде, сондай-ақ сервермен байланыс болмаған жағдайда автономды түрде) фискалдық режимнің ерекше белгісі болуы тиіс ("фискалдық чек" сөз тіркесі) фискалдық деректер операторының серверінен бақылау чегінің нөмірін алғаннан кейін немесе фискалдық деректер операторының серверімен байланыс болмаған жағдайда БКМ автономды фискалдық белгіні қалыптастырғаннан кейін ғана басып шығаруға шығарылатын.</p>		
34.	<p>БКМ келесі деректерді енгізуді қамтамасыз етуі тиіс:</p>		
34.1	<p>1) фискалдық деректер операторының серверімен жұмыс істеуге арналған мекенжайлар мен порттар;</p>		
34.2	<p>2) мемлекеттік кірістер органдарында БКМ тіркеу нөмірі (12 белгіден кем емес);</p>		
34.3	<p>3) БКМ сәйкестендіру нөмірі;</p>		
34.4	<p>4) бастапқы инициализациялық токен (деректерді алмасуға рұқсатсыз араласудан қорғау үшін фискалдық деректер операторының серверімен жасалған сандық код);</p>		
34.5	<p>5) қабылдау-беру арнасын таңдау басымдығын басқару,</p>		

	пайдаланылатын байланыс арналарының параметрлерін баптау..		
35.	Фискалдық деректер операторының серверіне БКМ қосу (токенді енгізуден басқа) және күні мен уақытын түзету операциялары БКМ ауысымды жабу операциясы аяқталғаннан кейін ғана жүргізілуі мүмкін. Осы сәтке дейін осы операцияларды жүргізу бұғатталуы тиіс.		
36.	БКМ күні мен уақытын бағдарламалау операцияларын жүргізу кезінде соңғы қалыптастырылған фискалдық құжаттың күні мен уақытына қарағанда аз мәндерді енгізуге бақылау және тыйым салу қажет.		
БКМ үшін бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар			
37.	Техникалық талаптарға сәйкес функцияларды толық іске асырумен қатар:		
37.1	1) БКМ бағдарламалық бөлігін өндіруші санкцияланбаған өзгерту;		
37.2	2) фискалдық деректер жинақтаушысына сақталған бақылау чектерінің деректеріне түзетулер енгізу;		
37.3	3) фискалдық деректер операторының серверінен бақылау чегінің нөмірін алмай немесе БКМ автономды кодын қалыптастырмай, фискалдық деректер операторының серверімен байланыс болмаған жағдайда, фискалдық режимнің ерекшелік белгісін құжаттарға шығару;		

37.4	4) фискалдык деректер операторының серверінен алынған фискалдык белгінің, сондай-ақ автономды жұмыс режимінде БКМ чегіне берілген автономды фискалдык белгінің өзгеруі.		
2-бөлім. Деректерді беру функциясы бар бақылау-кассалық машиналарға қойылатын талаптар			
38	Бағдарламалық паролі (кемінде төрт разряд) немесе нөмірлік кілттері болуы тиіс. Бағдарламалық парольдермен кем дегенде БКМ жұмысының келесі режимдері қорғалуы тиіс:		
38.1	1) сатуды тіркеу режимі;		
38.2	2) теңшеу режимі		
38.3	3) "Ауысымды жабу" режимі.		
39	Фискалдык деректер операторының серверімен байланыстың болуын тексеру фискалдык деректер операторы серверінің қолжетімділігін тексеру хабарламасын жіберу арқылы қамтамасыз етіледі.		
40	Чек лентасы болмаған немесе үзілген, кассир операцияны дұрыс орындамаған, фискалдык деректер операторының серверімен қосылмаған жағдайда және БКМ электронды чегін жіберу немесе кассирдің БКМ чегін сатып алушыға беру мүмкін еместігіне әкелген БКМ жұмысында басқа да проблемалар туындаған жағдайда операцияларды жүргізуді бұғаттауды қамтамасыз ету.		
	Тауарды таңбалау идентификаторын оқу		

41	үшін штрих код сканерін қосу мүмкіндігі болуы тиіс		
42	Transmission Control Protocol/Internet Protocol (TCP/IP) қосылу хаттамасын пайдалана отырып және фискалдық деректер операторының серверіне БКМ деректерді беру хаттамасына сәйкес vpn арнасы бойынша фискалдық деректер операторының телекоммуникациялық желісі бойынша фискалдық деректер операторының серверіне қосылу*		
43	Сатып алуды (сатуды) тіркеу кезінде фискалдық деректер операторының серверінде чекті ресімдеуді қамтамасыз ету.		
44	Жұмыстың негізгі режимдерін бағдарламалауды (конфигурациялауды) қамтамасыз ету: 1) тіркеу режимі (сату, қайтаруларды тіркеу, салықтарды есептеу); есептерді X және Z режимі; 2) бағдарламалау режимі (қарау/БКМ параметрлерін өзгерту, сыртқы құрылғылары бар БКМ баптау); 3) қосымша режимдер (БКМ ішкі сағаттарында уақытты орнату, БКМ тестілеу режимі және).		
45	БКМ ауысымды жабу рәсімін және фискалдық деректер операторының серверінен алынған ауысымдық (тәуліктік) есептің (Z есептің) мөрін жүргізуді қамтамасыз етеді.		

46	<p>БКМ ауысым ұзақтығын бақылауы тиіс.</p> <p>Ауысым ұзақтығын есептеудің басталу сәті ауысым үшін бірінші төлем құжатын ресімдеудің аяқталуы болып саналады.</p> <p>Ауысым ұзақтығы 24 сағаттан асқан жағдайда БКМ ауысымды жабу операциясын жүргізгенге дейін төлем құжаттарын ресімдеу мүмкіндігін оқшаулауы тиіс.</p>		
47	<p>БКМ чекті қайтару рәсімін жүргізуді және фискалдық деректер операторының серверіне тиісті хабарламаны қалыптастыруды қамтамасыз етеді.</p>		
48	<p>БКМ фискалдық деректер операторының серверінен Мемлекеттік кіріс органдары ұсынған касса бойынша операцияларды тоқтата тұру туралы талаппен хабарлама алған кезде жұмысты бұғаттауды қамтамасыз етеді.</p>		
49	<p>БКМ фискалдық деректер операторының серверінен алынған хабарламаларды мемлекеттік кіріс органдары қалыптастырған хабарламалармен шығаруды қамтамасыз етеді. Хабарламалар БКМ экранына шығарылады немесе фискалдық деректер операторының серверінен алынған кезде чек таспасында басылады.</p>		
50	<p>БКМ аппараттық бөлігі деректерді берудің кемінде екі тәуелсіз каналын ұстауы тиіс.</p>		

51	Фискалдық деректер операторының серверіне БКМ-мен деректерді беру хаттамасына сәйкес фискалдық деректер операторының серверінде жасалатын чектік операциялар туралы деректерді қалыптастыру*.		
52	Фискалдық деректер операторының серверінде ауысымдарды жабу операциясын жүргізу және фискалдық деректер операторының серверіне БКМ деректерді беру хаттамасына сәйкес Z-есептерді қалыптастыру*.		
53	Фискалдық деректер операторының серверінен фискалдық белгіні алу.		
54	Фискалдық деректер операторының серверінен алынған фискалдық белгісі бар БКМ чегін басып шығару және сатып алушыға БКМ электрондық чегін жіберу мүмкіндігі болуы тиіс. Чектің мазмұнына қойылатын талаптар Салық кодексінің 166-бабының 6-тармағында белгіленген.		
55	Фискалдық деректер операторының серверіне деректерді қабылдау-беру уақыты (оператор чекті рәсімдеу туралы ақпаратты енгізу рәсімдерін аяқтағаннан кейін чекті қалыптастыру уақыты) 7 секундтан аспауы тиіс.		
56	Фискалдық деректер операторының серверімен байланыс уақытша жоғалғанда кассалық операцияларды орындауды бұғаттау.		

57	БKM кассадаң қолма-қол ақшаны еңгізу және алу бойынша ақпаратты фискалдык деректер операторының серверіне беруді қамтамасыз етеді		
БKM қалыптастыратын чектерге және өзге де құжаттарға қойылатын талаптар			
58	БKM келесі құжаттарды басып шығаруды қамтамасыз етеді:		
58.1	1) БKM чегі;		
58.2	2) кассирлер бойынша есеп;		
58.3	3) секциялар бойынша есеп;		
58.4	4) өшірусіз есеп (X-есеп). X - есеп фискалдык деректер операторының серверінен басып шығаруға беріледі;		
58.5	5) ауысымдык (тәуліктік) есеп (Z-есеп). Ауысымдык (тәуліктік) есеп БKM сұрау салуы бойынша фискалдык деректер операторының серверінде қалыптастырылады және БKM жеке құжатпен мөр үшін беріледі.		
59	БKM Салык кодексінің 166-бабы 6-тармағына сәйкес бақылау чегінде деректемелерді басып шығаруды, оның ішінде қазақ тілі әліпбиінің ерекше әріптерін пайдалана отырып, қазақ тілінде қамтамасыз етуі тиіс.		
60	уәкілетті органның интернет-ресурсында чектің түпнұсқалығын автоматтандырылған тексеру үшін чекте QR-кодты қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.		
	QR-кодта болуы тиіс: Осы чекке URL, ол келесіні қосады:		

